




## КЕНЖЕ ҰЛДЫҢ КЕМЕЛІ ШАҒЫ



Тегі әзербайжан ауыр атлеті Ниджат Рахимов 2015 жылдың ақпан айында Қазақстан азаматтығын алып, еліміздің құрама командасы сапында өнер көрсете бастағалы бері жаһандық деңгейдегі ең үлкен екі аламанға қатысып, оның екеуінде де алтыннан алқа тағып қайтты. Оның Апшерон түбегіндегі туған отанынан кетіп, Атырауға келіп қоныс тебуіне Әзербайжан құрамасындағы орын алып отырған берекесіздік пен әділетсіздік себеп болған сияқты.

Сондықтан Ниджат күні кеше Рио-де-Жанейродағы Олимпиялық ойындарда алтын жүлдегер атанған кезде біз бұл туралы Әзербайжан бұқаралық ақпарат құралдары не жазып жатқанын білмек болдық. Сонда байқағанымыз, басылымдардың дені әзербайжан ауыр атлетінің Қазақстанға Риодағы алғашқы алтын медальды алып бергенін, ал өз елдерінде әлі мұның жұрнағы да жоқ екенін көбірек қаперге алып жатыр екен. Ниджат қазақ елінің бағына туған тарлан болып жатқанын талай портал атап өтіпті. Әлбетте, бұларда өз елінен шыққан перзентке деген мақтанышпен қатар, оның өзге елдің абыройын асқақтатып кеткеніне қызғанушылық сезімі де бар.

Осылайша екі бірдей түркі жұрты елінің мақтан тұтар майталманына айналған Ниджат тумысынан ауыр атлетиканың алыбы болып жаратылған сияқты. Тура ертең 23 жасқа толғалы тұрған ол 1993 жылдың 13 тамызында Баку қаласында туған. Жасынан зілтемірді тасқаяқтай қақтырып ойнауға құмар болған ол алғашқы үлкен табысына 2010 жылдың мамырында Еуропаның Испаниядағы Валенсия қаласында өткен жасөспірімдер іріктеу турында бірінші орын алумен қол жеткізеді. Сол жылғы тамызда Сингапурде

жасөспірімдер арасындағы бірінші жазғы Олимпиялық ойындарда алтын медаль жеңіп алады.

Ниджат 2013 жылы Перуде өткен жасөспірімдер әлем чемпионатында күміс медальдың иегері атанады. Бірақ осы жылдың жазында Әзербайжанның 18 зілтеміршісімен бірге допинг дауына ілініп, екі жылға спортпен қош айтысады. Міне, осы шектеу біткеннен кейін құрамаға қайта оралған атлет өзін онда ешкімнің күтіп отырмағанын байқайды. Осыдан кейін әкесі Әли ұлының келешегі кесіліп кетпеуі үшін жатпай-тұрмай оған басқа құрама іздеуге кіріседі. Мұны естіген Әзербайжан ауыр атлетика федерациясының бір мүшесі бұған көрші Грузияға ауысуды ұсынады. Бірақ әкелі-балалы Рахимовтердің сол кезде келісімге келіп, тоқтағандары Қазақстан болады.

– Ниджатты Әзербайжаннан сыртқа жіберуге бірінші себеп құраманың бас жаттықтырушы болып отырған болгар маманы Златан Ваневтің жұмысты бетімен жібергені болды, – дейді қазір Әли Рахимов. – Ол тек өзімен бірге келген болгар атлеттеріне ғана көңіл бөлетін де, жергілікті зілтеміршілермен жұмыс істеген жоқ. Жамағатта арақ ішіп, темекі шегу күнделікті құбылысқа айналыпты. Сосын баламды тезірек құтқаруым керек болды. Ал құтқаратын мекенім Қазақстан болып шықты. Ниджат мұнда келгелі қайта түлеп, бірте-бірте өсе бастады.

Айтса айтқандай, Ниджат Рахимов Қазақстанға келген жылдың күзінде, 2015 жылдың қарашасында АҚШ-тың Хьюстон қаласында өткен әлем чемпионатында топ жарды. Міне, оның соңы Риодағы толағай табысқа алып келді.

Айтпақшы, араб тілінен аударғанда, «ниджат», «нидхат» деген сөз «кенже ұл» деген мағынаны білдіреді екен. Ниджат та өз әке-шешесінің кенжесі көрінеді. Қазақстанға келіп, кемел шағына жеткен сол кенже ұл Риодағы жеңісінен кейін іле-шала журналистерге ендігі жерде өзінің өмірін осы елмен жалғастыра беретінін анықтап айтты. Ал бұдан бұрын оның Ойындардан кейін әзери жеріне қайта оралатыны туралы айтылып жүр еді.

– Мен енді елге қайтпаймын. Менің елім – Қазақстан. Маған Қазақстан да, өзім тұрып жатқан Атырау да ұнап қалды. Мен тек Қазақ елінің намысын жырлатын боламын, – деді ол.

Ниджаттың Қазақстан әнұраны ойнап жатқанда, оған күбірлеп қосылып, жылап жібергенін көрмеген көрермен кемде-кем шығар. Мұның қуаныштың жасы екенін, оның өзін осындай дәрежеге жеткізген елге деген құрметі мен алғысы екенін бәріміз де пайымдадық. Енді сол қуанышты жылдар мен жолдардың ғұмыры ұзақ болғай деп тілейік.